

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№1 (29) қаңтар-наурыз 2022*

**ISSN 2710-3994**



**Бас редактор:**

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешимұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshevna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieвна – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzak Altynbek

**ЖЕТИАСАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ӨЛКЕТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ  
МЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНДА  
(XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы)**

**Ә.Ә. Тәжекеев, Ы.С. Құрманязов, Е. Каналхан**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан, Қызылорда.

\* Автор-корреспондент

E-mail: a.tazhekeyev@gmail.com (Тәжекеев), yslam.kurmaniyazov@gmail.com (Құрманязов), erom\_kz@inbox.ru (Каналхан)

**Аңдатпа.** Мақалада Сыр бойындағы аса көрнекті құнды ерте ортағасырлық Қаңлы тайпаларының ескерткіші, Қазақ тарихындағы ерекше орын алатын «Жетіасар мәдениеті» туралы зерделенеді. «Жетіасар» атауының шығуы туралы және Жетіасар қалаларына байланысты ғылыми өлкетанушылық, әдебиеттердегі жыр жазбалар және фольклорлық деректер, аңыз-әңгімелер, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жасалған әскери-топографтардың картографиялық мәліметтері де қарастырылған. Поручик офицер А. Симонов алғаш болып Жетіасар ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізген. Жергілікті халықтан осы қалаға байланысты аңыз әңгімелерін жинастырып, барлау шаралары аясында қазба жұмыстарын да жүргізеді. 1900 жылы «Түркестанские ведомости» газетінің екі санында өз мақаласын жазып қалдырады. Сырдарияның төменгі ағысы Жетіасар қалалары туралы басқа да деректерді А.И. Левшин, А.И. Макшеевтің, Л.Мейердің еңбектерінен кездестіруге болады. Картографиялық мәліметтер ішінен 1851-1863 жылдар аралығындағы Ресей империясы тарапынан түсірілген карталар Жетіасар шатқалындағы ұмыт қалған қалалар атауларын табуға болады.

Сонымен қатар, Жетіасар қалаларының шоғырланған аймақтың әр кезеңде түсірілген картографиялық карталарын талдау, сипаттау, баламалану мәселесі қаралған.

**Түйін сөздер:** Жетіасар, Сырдария, Арал маңы, өлкетану, картография.

**Кіріспе.** Сыр өңірі ежелгі дәуірден бүгінге дейін өлкеде өмір сүрген тұрғындар үшін құтты қоныс, қазақтың киелі мекендерінің бірі. Сырдарияның төменгі ағысын тас дәуірінен бастап мекендеген түрлі тайпалар мен халықтар әлемде теңдесі жоқ мәдениеттер қалыптастырды. Осы мәдениеттердің куәлары – бұл күндері төбе боп үйіліп жатқан жүзден аса қала қирандылары мен жерлеу орындары, яғни, археологиялық ескерткіштер.

Сыр бойында орналасқан әлем ғалымдарына белгілі ерекше ескерткіштер: қола дәуірінің Солтүстік Түгіскен кесенелері, сақтардың Шірік-рабат, Баланды, Бәбіш-мола, Сеңгіртам қала-қорымдары, қаңлы тайпаларының Жетіасар ескерткіштері, оғыздардың Жанкент, Жент, Асанас, Сырлытам, Қыпшақ және Қазақ хандықтарының астанасы болған Сығанақ қаласы және тағы да басқа қалалар бар.

Солардың ішінде өзіндік ерекшелігімен көзге түсетіні – көпқабатты құрылыстары бар, бір аумаққа шоғырлана орналасқан, археологтар тарапынан көп зерттелсе де, жергілікті халыққа кеңінен таныс емес қаңлы тайпаларының археологиялық ескерткіші «Жетіасар ескерткіштері» болып отыр. Қазіргі таңда Жетіасар қалалары жайлы көптеген археологиялық еңбектер оның Қазақстан тарихының қаңлы кезеңіне тиісілі екенін көрсетеді. Бұл ескерткіштер тобы жайлы алғашқы өлкетанушы және әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеулерінде, Ресей империясының картографиялық еңбектерінде жетіасар шатқалының атауларына қатысты ұмыт қалған қалашықтар туралы баяндалады. Зерттеу нәтижелері жетіасар қалалары жайлы қордаланған деректерді қайта ой елегінен өткізуге және болашақтағы зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар алуға көмектеседі.

Жалпы алғанда «Жетіасар» атауы «жеті» және «асар» көне түркі сөздерінен құралады. Жеті саны қазақ халқының дәстүрлі ұғымында қасиетті сан болып танылады. «Асар» сөзінің бір мағынасы көптің қатысумен көпшіліктің күшімен жасалатын әрекет, көмек дегенді білдірсе, екінші мағынасы Сырдың орта және төменгі ағысын мекен еткен байырғы қаңлылардың қала қонысына қатысты атау. Бір аймаққа 6-7 қала орнының шоғырлана орналасуына байланысты «Жетіасар жазирасы» аталып, ондағы ескерткіштер «жетіасар ескерткіштері» деп танылған (Қалыбекова, 2011: 30; Қазақтың этнографиялық ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011: 221).

**Материалдар мен әдістер.** Мақаланың материалдық базасын жетіасар қалалары жайлы XIX ғасырдың аяғынан бастап бүгінге дейін жүргізілген өлкетанушы ғалымдардың археологиялық, архитектуралық, картографиялық зерттеулері құрайды. Сонымен қатар ұмыт болған қалалардың атаулары, аңыздар, ауызша деректер қарастырылады. Зерттеу жұмысы жетіасар қалалары жайлы тарихнамалық шолу, хронологиялық әдіс бойынша жасалды. Мақалада қосымша пәнаралық әдістерге негізделіп, тарихи география, этнология, лингвистика пәндерінің тәсілдеріне (салыстырмалық, тарихилық, объективтілік принциптері, деректемелік, картографиялық, дереккөздерді талдау, ментальдық тарих, ауызша тарих, семиотика, семантикалық әдістері) сүйенеді.

**Талқылау.** XIX ғасырдың екінші жартысында Арал өңірінің Ресей империясының құрамына енуіне байланысты бұл аймақ орыс ғалымдарын қызықтырды. Арал аймағына әр түрлі мақсатта әскери экспедициялар жіберілді. Картографтар мен геологтар, өлкетанушы ғалымдардың мақсаты аймақтың пайдалы қазбалары мен тарихы, археологиялық-этнографиялық мәліметтерін жинап алу болды.

Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Жетіасар, Жанкент, Асанас, Сырлытам, Шірік-рабат, Жент қалаларына патшалық Ресей және Кеңестік кезең тарапынан ғылыми экспедициялар жіберілген болатын. Осы ескерткіштер тобынан Жетіасар қалаларының зерттелу тарихы бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырылады:

а) бірінші кезең – өлкетанушылық (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы);

ә) екінші кезең – Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының алғашқы археологиялық зерттеулері (әрі қарай ХАЭЭ) (1946–1966 жылдар аралығы);

- археологиялық қазба жұмыстары (1948, 1949, 1951 жж.);

- барлау жұмыстары (1946, 1958, 1962-1963, 1966 жж.)

б) үшінші кезең (1971–1991 жылдар аралығы);

в) төртінші кезең (Тәуелсіздік жылдарындағы жаңа зерттеулер).

Бұл күнде асар-қоныстардың 40-тан астамы белгілі. Осы асарлардың жиынтығының «Жетіасар» мәдениеті деп аталуы Сырдың төменгі ағысы бойындағы бір-біріне жақын орналасқан асарлар кешеніне байланысты. Олардың біреуінің үстіне шығып қарағанда оның айналасынан алты-жетеуін көруге болады. Көп сырды ішіне бүккен ескерткіштер жайлы Сыр сүлейлері мен ақындары өз шығармаларына арқау етіп, жыр-әнге қосқан. Солардың ішінен қазіргі таңдағы ақын жырау Запа Дәулетбаевтың «Жетіасар жырлары» атты жинағында Нұрмұхамед Әбілқасымовтың «Заман біздің тыныштық» деген жырларынан кездестіруге болады. «Жетіасар жырлары» өлең жолдарында:

Бірі «Жалпақ» бірі Тік,

«Бидайықты» «Қоралы»

Бейне әдемі жиған жүк,

Бар сәулелі жолағы

Осынша асар үйілген

Заңы ма еді тұрмыстың?

Шығыстан сол кез шүйілген

Жолы ма екен Шыңғыстың?

Ертеде өткен сақтардың

Жұрты ма екен көшкен бұл? – деген Жетіасар тарихына байланысты аңыздарды саралайды (Сыр саңлақтары, 2010: 18-19).

Осы зерттеулердің алғашқысы Жетіасар қалалары туралы ғалым саяхатшы этнограф А.И. Левшиннің 1832 жылы жарық көрген Орыс географиялық қоғамының хабарламасының бірінші бөлімінде Жетіасар қалалары жайлы сипаттамасында бөліп қарастырып биік төбелер үйіндісі үлкен қалалар болу керек деп айтады (Левшин, 1996: 20).

Сыр өңірінің археологиялық ескерткіштері мен табиғи-географиялық жағдайы туралы мәліметтер А.И. Макшеевтің 1856 ж. «Морской сборник» жинағында жарық көрген «Описание низовьев Сырдарьи» мақаласында жазылған. Ол Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді бірнеше түрлерге бөліп, олардың арақашықтығын есептеп, обалар мен қалаларды тізімге алады (Макшеев, 1856: 102-114).

А.И. Макшеевтің дерегінде Жетіасар қалалары Үлкен Қара-асар мен Көктонды обасы жайлы дерек берген: «Возвышности Меде, на левомь берегу р. Сыра, по дорог изь форта Перовский вь упраздненный фортъ №3 занимають собою довольно значительно пространство. Два общирных кургана Кось-асарь, обнесены рвомь, находится не далеко оть леваго берега р. Кувана по дорог изь форта Перовский вь форта №3-го. Два кургана Кара-асарь, изь которыхь одинь на правомь берегу р. Кувана, а другой двумя верстами северного западные перваго. Курган Кукь-тунды, недалеко оть праваго берега Джамань-дарьи, по дорогь из форта №3 вь форты №2, на немь, по словамь Киргизовь, находилось, во времена Каракалпаковь укрепление» (Макшеев, 1878: 69-71). Бұл сипаттамада айтылған ескерткіштер қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш пен Қармақшы аудандары ортасында орналасқан Кіші Қара асар және Көктонды обалар. Автор 1867 ж. «Санкт-Петербургские ведомости» және «Русский инвалид» газеттерінде жарияланған мақалаларында қала қирандылары жайлы сипаттамасын жазады. Олардың ішіндегі Райым мәлімет беріп олардың жоспарын қағазға түсіреді және аймақта отырған халықтың этнографиясы, тарихы жайлы еңбектер қалдырады (Макшеев, 1896:106).

Осы жазылған естеліктері бойынша кейінен, 1896 жылы «Путешествия в Киргизская степямь Туркестанскому краю» атты кітап және бірнеше мақала болып жарыққа шықты (Макшеев, 1867: 66-80).

Осы аймақта орналасқан Жетіасар қалаларынан бөлек, Жанкент қалашығында алғаш болып қазба жұмыстарын жүргізген П.И. Лерх болды. 1858 жылдың маусым айында археологиялық комиссияның тапсырысы бойынша П.И. Лерх Жанкент қаласына зерттеу жүргізіп, қаланың жоспарын түсіреді. Орыс Императорлық археология Қоғамының мүшесі П. Лерхтің осы зерттеулер аясында «Археологические поездки в Туркестанский край в 1867 году» атты кітабы жарық көрді (Лерх, 1867: 3-6).

Ресей империясының бас штаб подполковнигі Л.Мейердің «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты мақаласында осы өңірлердің қала қирандыларына байланысты VIII-бөлімінде «Развалины в степи соединения с преданами жителей» атты шағын хабарламасында Сырдарияның төменгі ағысындағы Жаңадария мен Қуандария арналарының бойында орналасқан қала қирандыларына сипаттама бере отырып, оның ішіндегі тақырыбымызға арқау болып отырған Жетіасар қалалары жайлы ерекше көңіл бөліп ол туралы «между Куванамь и Сыром несколько отдельных укрепленных постовь, носящихь общее название Асары, а все урочище называется Джит-асар, т.е. семь асаров-обь этох развиланах точно также вы народ сохранилось разные преданья, но на разрушения ихь указывают как на события более, близкое именно на эпоху освобождения киргизовь от владычества калмыковь...» деп сипаттама береді. Жергілікті халықтан аңыз әңгімелерді жинастырып Жетіасар шатқалына байланысты ауыз әдебиеті шығармаларын жазып қалдырды (Мейер, 1865: 410).

Сырдың төменгі ағысын тарихи-географиялық зерттеудің ең бір үлкен төңкерістік уақыт Орта Азиядағы алғашқы ғылыми қоғам – 1895 жылы құрылған Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің қызметімен тікелей байланысты болды. Үйірме жиырма жылдан аса (1895–1917 жж.) Орта Азия мен Қазақстанның археологиялық және материалдық мәдениетін зерттеумен айналысқан, сол кезеңдегі гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандандырылған

жалғыз ғылыми-өлкетанушылық қоғамдық ұйым еді. В.В. Бартольд, А. Симонов, В.В. Радлов, В. Смирнов, В.А. Каллаур, А. Кастанье сынды көптеген білікті ғалымдар мен шығыстанушылар есімдері Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің жұмысымен тығыз байланысты (Елеуов, Бахтыбаев, 2011: 447).

Түркістан археология әуесқойлар үйірмесінің мүшесі В.А.Каллаур 1898-1899 жылдары Перовск уезіндегі (қазіргі Қызылорда облысы) Сығанақ, Асанас, Жент қалаларына барлау жұмыстарын жүргізіп, мәліметтер жинақтап, 1900 жылы Туркестанские ведомости газетінде өзінің мақалаларын жариялады (Каллаур, 1900: 10-15; Бахтыбаев, 2013: 195-204; Кастанье. 2007: 15).

Алғашқы өлкетанушылық кезең Түркістан әуесқойлар үйірмесінің мүшелері Жетіасар қалаларына сипаттамасын жазып ескерткіштерге шағын қазба жұмыстарын жүргізеді. Соның ішіндегі А.Симоновтың «Джит-асар» деген мақаласында Шокь-тобе, Алтын асар мен Үңгірлі асардың орналасуын және осы ескерткіштерге қатысты аңыз-әңгімелерін айтуға болады (Симонов, 1900: 80-81). Аңыз-әңгімелерге, бұл ескерткіштерге қарап тың мәліметтер алуға, жер-су аттарын білуге болады. Жетіасар қалалары жайлы қазіргі уақытта екі аңыз сақталған.

Жетіасар қалалар жайлы жаңа зерттеулер ішінде белгілі әдебиеттанушы әкелі-балалы Әуелбек Қоңыратбаев пен Тынысбек Қоңыратбаев «Туркестанские ведомости» газетінде жарық көрген мақалаларды аударып жарыққа шығара отырып, талдау жүргізіп орыс подполковнигі Л. Мейер мен поручик А. Симоновтың айтуынша Назым деген қазақтың қызы болыпты оны қалмақ ханы сұратып, бірақ, Қамбар батыр қалмақты жеңіп, Назымды өзіне алады деп айтылады. Қазақ әдебиетінде «Қара қасқа атты Қамбар» жыры халық мұрасынан қалған үлкен батырлық жырдың бірі. А. Симонов, Л. Мейер және Ә.Қоңыратбаевтың пайымдауынша осы жыр дастан Сыр бойында болды деп және оны Жетіасар қалалармен байланысы бар деп көрсеткен.

А. Симоновтың өз мақаласында бұл қалалардың салынып салтанат құруы Александр Македонский заманы байланыстырады және кейбірінде бұл қалаларды Әмір Темір қиратқан деп тұжырымдалады (Қоңыратбаев, 2004: 30).

Жетіасар аңыз әңгімесінде: Бұл қалаларда жеті халық мекендеген, қалалар тұрғызып, бұл қалалардың халқы жауынгер адамдар болған. Бұл қалаларды билеген хан-сұлтандар өте ер жүрек батыл адамдар екені, әр жылдары қалалар арасында сайыстар аңшылық саят құрған екен. Бұл қалалар арасында кейін бәсекелестік қатты болған екен, қала билеушілер жалдамалы әскер жалдаған, солардың ішіндегі Алтын-асар билеушісі аңшылық құрғанды, киіктерді, жабайы қазыларды аулағанды қатты жақсы көрген, жауынгерлері соғысқа шыққанда жеңген қарсыластарын аяусыз тонап талан-тараж қылып, байлығын жинайтын көрінеді. Бірде Алтын асар билеушісі аңшылық саят құрып жүрген кезінде қалың қамыстың арасында жолбарыс шабуыл жасап сұлтанды жерге құлатады, осы тұста жолбарысты аңдып жүрген батыр келіп жолбарыстың жүрегіне пышақ салып сұлатады. Батырдың ерлігін бағалаған сұлтан рахметін айтып дос болуды әрі өзінің қызына үйленуді ұсынады. Батыр бірден келісе кетеді, сұлтан қызын ұнатады екен осы уақытқа дейін, бұл мүмкіндікті пайдаланып сұлтаның батасын алады. Тойлары дүркіреп өтіп, сұлтан бар жанын салып бәйге ұйымдастырып, батырдың қарамағына бір түмен елін беріп, қала сыйға тартып қызын үйлендіреді. Бұл үйлену тойды жақтырмаған, қолдамаған сұлтан уәзірі қызға қатты ғашық болып, қыз қарамай қойған екен. Жүрегі жаралы уәзір қалай болса да кек алуды жоспарлап тойдың бітуін күткен, үш ай тойлаған той бітіп батыр бір күні аңшылық саятқа шығып қасына уәзірлер мен жауынгерлер ертеді қаладан шыға беріс жерде уәзірге садағын ұмыттым деп алып келуге бұйрық береді. Уәзір осы сәтті пайдаланып батырға садақ жебелерін кешігіп әкеліп беріп, батыр не үшін кешіккенін сұрағанда сұлтан қызының алдап-арбап қалуын өтінгенін айтады. Бұны естіген батыр қызғаныш өзінің жарын бір сөзге келместен басын алады. Сұлтан осыны естіп күйеу баласының еліне әскер жіберіп тас-талқан етіп қиратып бұл өңірден көшіп кетеді. Осы уақыттан бастап бұл қалалар қаңырап үйінді болып қалады.

Поручик А.Симонов өзінің естелігінде Жетіасар шатқалының екі үлкен қалашықтары жайлы келесідей дерек берген... Кроме Джиты-асарской группы есть два больших городища



Алтын асар (Золотое городища) и Унгурлы-асар (от слова «унгур» – пещера). Местонахождение первого городища указывали в степи же севернее Джиты-асара, а второго – среди разливов Куван-дарьи (Қоңыратбаев, 1996: 149; Шәлекенов, 1995: 15).

Осы асарлар жайлы XIX ғасыр авторларының жазба деректері ескерткіштердің сол уақыттағы сақталу деңгейін анықтайды. Сондай-ақ, фото түсірілімдік деректер өте сирек кезеңде осындай жазба деректердің маңызы жоғары, әрі бүгінгі таңдағы ескерткіштердің сақталу деңгейімен салыстырмалы сараптау жасауда аса қажетті мәліметтер қатарын құрайды. А.Симонов тарапынан Жетіасар қаласына барлау жұмысы, әсіресе обаларына жүргізілді. Екі ірі қалашыққа берген сипаттамасында: «В джетыасаркой группе городища расположены на расстоянии более пяти верст одно от углаго, и взаимное их расположение напоминает очертания созвездия большой медведицы. В окрестностях городища заметны многочисленные следы больших и малых каналов, причем большие имеют некоторые превышение над малыми; в этом я убедился во время бывшего при мне довольно сильного проливного дожди; вода текла из больших каналов в малые, причем в расположении и направлении каналов можно было заметить известную систему; вода, проникнув по одному из каналов во внешнюю ограду городищ, образовала в одном месте обширную и глубокую лужу с правильными очертаниями. Очевидно, здесь был когда-то устроен водоем» (Симонов, 1900: 81) Мақаласында поручик А.Симонов өз уақытының аз екенін айтып, Алтын-асар қалашығының бір жерінен шағын қазба жұмыстарын жүргізіп нәтижесіз оралғаны туралы жазбалар қалдырады.

Айта кететін жайт, кейінгі археологиялық зерттеулер бойынша А. Симонов қазба жұмыстарын жүргізген Алтын асар қалашығы Жетіасар қалашықтары ішіндегі ең үлкен қалашықтардың бірі екендігі және қалашықтың аумағы 17 гектар, мықты бекіністермен қоршалған, сондай-ақ қалашық сыртында шағын жерлеу орындары, обалары көп екендігі анықталған (Толстов, 1948: 35).

**Тарихи-топонимикалық талдау.** Жетіасар шатқалы үлкен тақырлы жазықтықта орын тепкен, жазықтықта ешқандай шөп ізі де байқалмайтын шексіз бір сазды тақыр. Сырдарияның төменгі ағысы арналары Қуандария мен Жаңдария, Қуандария аралығында Қызылқұм шөлді жазығында орналасқан. Жазықтың үстінде ортағасырлық қалалар мен суландыру жүйелерінің орындары бар. Жетіасар шатқалы Қуандария арнасының шығыс және солтүстік тармағымен қиылысып жатыр. Қазіргі таңда құрғап қалған арналар бойында Жетіасар қалалары орын тепкен, ескерткіштердің маңында жақсы дамыған суландыру жүйелері әуеден қарағанда анық көрінеді. Қалалар маңындағы үлкен магистралды каналдар, осы жерлерде тіршілік қайнағанын анық көрсетіп отыр.

Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізінің Қызылорда облысы аумағынан кесіп өтетін тұсы Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандар аумағында орналасқан (Воякин, 2017: 516-523).

Жетіасар қалалары алғашқы географиялық және топографиялық карталарда белгіленуі XVIII-XIX ғасырда Ресей империясы жаңа аймақтарды, жаңадан басып алған жерлерді, тезірек игеру үшін әскери корпусстар құрамында картографтар мен топографтар тобы құрылып пайдалы қазба орындары, ірі сауда қалалары, керуен жолдары, өзен-су аттары мен жер атаулары, көне қиранды археологиялық ескерткіштер туралы тұшымды карталар жасала бастады.

Осы дәуір кезеңіне қатысты жаңа зерттеулер кешеніне Сыр бойының патшалық Ресей тарапынан түсірілген карталарын Т. Қартаеваның XIX ғасырдағы Арал маңы қазақтарының орыс деректеріндегі аңыз, жазбаша деректер және карталарды ұсынған. Автор Сыр өңірін қоныстанған ру тайпалар жайлы, керуен жолдары, көшу жолдары, суландыру жүйесінің карталарын ұсына отырып, «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» атты 2 томдық монографиясын ғылыми айналымға енгізді (Қартаева, 2014).

